



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 17/17  
29 қазан



www.nstagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

"Республика күні"

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

## Қазақстан Президентінің атына Республика күніне орай құттықтау жеделхаттары келіп жатыр

Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына ұлттық мереке – Республика күніне орай шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау хаттары келіп жатыр.

Америка Құрама Штаттарының Президенті Джоозеф Байден Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқын Республика күнімен құттықтап, Орталық Азияның бейбітшілікке, тұрақтылыққа және өркендеуге бағытталған жолындағы еліміздің отыз жылдық көшбасшылығын ерекше атап өтті.

«Біздің қауіпсіздік, энергетика және экономика мәселелері жөніндегі екіжақты ауқымды ынтымақтастығымыз, сондай-ақ Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларды табанды түрде қолдайтынымыз қарым-қатынастарымыздың болашағына инвестиция салуға деген өзара ұмтылысты және оның ортақ мақсаттарға жетудегі әлеуетін көрсетеді. Бұл ұстаным біздің кеңейтілген стратегиялық серіктестігімізге толық сай келеді», – деп жазылған Джо Байденнің құттықтауында.

Еуропалық Кеңестің Президенті Шарль Мишель 1990 жылдың қазан айында қабылданған Егемендік туралы декларацияда мемлекеттілікке, аумақтық тұтастыққа, бөлінбеушілікке және шекараның мызғымастығына қатысты негізгі қағидаттар бекітілгенін айтты.

«Декларация 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауға жол ашты. Бұл декларация бүгінде барлық бейбітсүйгіш ел қорғайтын халықаралық тәртіптің іргелі құндылықтары мен қағидаттарының ережелеріне негізделген», – делінген Шарль Мишельдің жеделхатында.

Сонымен қатар Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Мемлекет басшысына және Қазақстан халқына құттықтауын жолдап, еліміздің тұрақты дамуына бағытталған жүйелі және ауқымды реформалардың тиімді жүзеге асырылып жатқанын ерекше атап өтті.

«Біздің тату көршіміз Қазақстан барлық салада биік шыңдарды бағындырып келеді. Сіздің аймақтық және жаһандық маңызы бар бастамаларыңыздың халықаралық аренада белсенді түрде қолдау табуы – еліміздің әлемдік қауымдастықта лайықты беделге ие екенінің айқын дәлелі. Бірлескен күш-жігер мен жоғары деңгейдегі тұрақты диалогтың арқасында елдеріміз арасындағы тату көршілік және достық қарым-қатынастардың стратегиялық серіктестік

пен одақтастық қатынас деңгейіне көтерілгеніне өте қуаныштымыз», – деп жазды Өзбекстан Президенті.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров өз құттықтауында Республика күні мерекесін қайта жаңғырту бастамасын Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған институционалдық реформалар үдерісіндегі маңызды қадам деп бағалайды.

«Сіздің дана әрі прогресшіл басшылығыңызбен бұл реформалар қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуға түрткі болып, достас Қазақстанды өркендетуге бағытталған биік мақсаттарға жетуге қызмет ететініне кәміл сенемін», – деп жазған Садыр Жапаров.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев құттықтауында Әзербайжан Қазақстанның қарқынды дамуына, бауырлас елдің жетістіктері мен табыстарына тілектес екенін атап өтті.

«Әзербайжан-қазақ қарым-қатынасының бүгінгі жоғары деңгейі ортақ тарихымен, моральді және мәдени құндылықтарымен өзара тығыз байланысты бауырлас халықтарымыздың ерік-жігерін айқын көрсетеді. Қазіргі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, біз елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестікке негізделген жан-жақты қарым-қатынастарды нығайту жолында бірлескен күш-жігерді жалғастыра беретінімізге сенімдімін», – делінген құттықтау хатта.

Беларусь Президенті Александр Лукашенко Егемендік туралы декларацияны Қазақстан үшін маңызды оқиға әрі тәуелсіздік алу жолындағы алғашқы қадам деп атады.

«Қазіргі таңда Сіздің еліңіз бейбіт сыртқы саясат қағидатын ұстанады, өзара түсіністік пен тату көршілік қарым-қатынасты нығайтуға жан-жақты атсалысады. Астананың мазмұнды бастамалары халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, адамзат баласына ортақ жаһандық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады», – деп жазған Александр Лукашенко.

Сонымен қатар құттықтау жеделхаттарын Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Татарстан Президенті Рустам Минниханов, Кавказ мұсылмандары басқармасының төрағасы Шейх-уль-ислам Аллашүкір Пашазаде жолдады.

akorda.kz

## МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ МӘНДІ ТОЙЛАНДЫ

Приозерск қаласында еліміздің басты мерекесі Республика күнін мерекелеу күніндегі ішаралар ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінен басталды. Ақтоғай ауданының ауылдық округтерінен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер сиыр, қой, жылқы және балық өнімдерін әкелді. Сондай-ақ, қала тұрғындарына Жамбыл облысының Мойынқұм, Шу аудандарынан әкелінген көкөністер мен жемістердің кең ассортименті ұсынылды. Жәрмеңке өтіп жатқан алаңда, сонымен қатар көркемөнерпаздардың мерекелік концерті, ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық жарыстар өтті.



Сағат 12.00-ден бастап қала тұрғындары мен қонақтары үшін мерекелік түскі ас ұйымдастырылып, онда келушілерге ыстық палау, қуырдақ, бауырсақ пен шәй ұсынылды. Мерекелік дастарқаннан дәм татқан тұрғындар өз ризашылықтарын білдіріп, үлкен кісілер ақ баталарын берді.



Республика күні тойланып жатқан 25-қазан күні түстен кейін Приозерск қаласының Балқаш көшесіндегі жанадан салынға № 8 үйден шаһар тұрғындарына пәтер кілттері табысталды. Аталған 45 пәтерлі көпқабатты тұрғын

үй «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бой көтерген. Баспаналы болғандардың қатарында аз қамтылған, толық емес отбасылар, жетім балалар және әлеуметтік осал топтағы басқа да азаматтар бар. Қала әкімі Сапар Сатаев баспана иелеріне пәтер кілттерін арнайы табыстап, тұрғындарды қоныс тойларымен құттықтады.



Осынау ішараның соңынан Приозерск қаласындағы базар аумағында «Күрес мектебі» спорт клубының ашылуы салтанаты болып өтті. Клубта 8 жастан 17 жасқа дейінгі балалар, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар тегін негізде «Қазақ күресі» ұлттық спорт түрімен айналысатын болады. Жаттықтырушысы Қазақстан Республикасының спорт шебері болып табылатын Дюсетаев Магди қаладағы күрес спортына қызығатындарды қабылдап, жаттықтырады. Спортклубқа 50-ден астам адамды қамту жоспарлануда.



Мереке күні кешкілік қаланың орталық алаңында ұлттық мереке – Республика күніне арналған концерт өтті. Ішара қала әкімі Сапар Сатаевтың құттықтау сөзімен ашылды. Ашық аспан астында өткен концерт барысында Республика күнін мерекелеуге байланысты қаламыздың көркеюі мен экономикасының өсуіне өзіндік үлесін қосып жүрген мекемелер қала әкімінің алғыс хатымен және 80 мың теңгелік ақшалай сертификаттармен марапатталды. Мерекелік кешті Қарағанды қаласының эстрадалық әншілері жалғастырып, өзге де өнерпаздар көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Маңызды мереке қала тұрғындары үшін мәнді де, сәнді түрде тойланды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



30-ҚАЗАН – ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ

## МЕЙІРІМДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР

Айлары асығыс, күндері қауырт өтіп жатқан қоғамның мейірім мен қайырымға, аялы алақанға, көңіл бөлу мен қамқорлыққа мұқтаж екені жиі байқалады. Тағдыр жазуымен егде жаста жалғыз өмір сүруге мәжбүр қарттар мен дерттері жас талғамайтын мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де ыңғайлы, біртұтас ағзадай жүйелі жағдай жасау – біздің қоғам алдында тұрған маңызды міндет. Осынау міндетті талапқа сай, шынайы көңілмен атқарып жүрген жандар «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде де бар. Мекеменің әлеуметтік қызметкері Гүлбану Нұрмаханқызы Хизированың есімін кісі көмегіне зәру қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар ризашылықпен, алғыстарын айта отырып атайды.

Өзбекстан Республикасы, Бухара облысының Газли қаласында 1980-жылдың 23-қаңтарында дүниесігін ашқан Гүлбану мектепте озат оқушылар қатарында болды. 1989-жылы Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданының Дружба кеңшарына ата-анасы қоныс аударады. Осы жерде мектептің негізгі жылдарын өткізген ол 1997-жылы Приозерск қаласындағы №1 жалпы білім беретін орта мектептің жоғарғы сыныбын жақсы бағалармен бітіріп шықты. 1998-жылы Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеттің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша факультетіне оқуға түсіп, оны 2003-жылы аяқтаған. Алғашқы еңбек

жолын өзі тәлім-тәрбие алып, бітірген мектепте бастады. 2007-жылы Приозерск қаласы білім беру бөліміне әдіскер болып ауысқан Г.Нұрмаханқызы 2015-жылдан бері «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мүгедектігі бар балаларға үй жағдайында күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер болып қызмет атқарып келеді. Жауапты да, қиын жұмысты атқаруға неліктен келгенін сұрадым кейіпкерден.

– Көп балалы отбасында өсіп, жетілдім. Жалпы біздің Хизировтар әулеті қанатын кеңге жайған, көпшілік әрі ауызбірлігі бекем әулет. Балаларды жақсы көремін. Олардың қиналғанын, зардап шеккенін қаламаймын. Әр балаға ортадан мейірім, көңіл шуағы, көмек пен қайырым қажет. Ал, мүгедектігі балалардың жөні мүлде бөлек. Қоғамнан тыс, төрт қабырға мен төбеге телмірген балаларға қолдан келгенше көмек көрсету әр адамның, жалпы қоғамның міндеті һәм парызы деп білемін. Әлеуметтік қызметкер болу үшін ең бастысы мейірімділік пен шыдамдылық керек. Біз алдымен өзімізге бекітілген адамдарға қандай көмек керек екенін анықтап, балалардың дәрі-дәрмегін, дүкеннен керекті заттарын әкеліп береміз. Әрқайсысының көңілін тауып, тіл табысуға тырысамыз. Ата-аналары мен балалары арасында дәнекер, мәмілегер болып жүруге тура келеді. Ұзақ уақыт төсек тартып жатқан бала ашушаң болады. Аналарына дауыс көтеріп, көңіліне тиуі де

мүмкін. Осы арада аналарымен де, балалармен де әңгімелесіп, көңілін аулап, сыйлықтар жасап, екі араны жақындатуға тырысамыз. Қалайда отбасын бұзбау керек қой. Мереке сайын олардың көңілі қалаған сыйлықтарын апарып беріп, қуанып жүреміз. Бұл мәселеге мемлекет және мекеме тарапынан жетерлі дәрежеде көңіл бөлінген, – дейді бізбен сұқбат барысында Гүлбану.



Бүгінгі таңда мекемеде 32 осындай балалар тіркеуде тұр. Солардан 6 балаға қызмет көрсеткен оның балалар саны қазір үшеуге қысқарыпты. Мейлінше сол балалардың көңілін тауып, қоғамдық ортададан тыс қалмауын қадағалайтын әлеуметтік қызметкерлер оларды көшеге шығарып, қыдыртуға, циркке, ойын-сауық клубтарына, концерттерге апарып, көңілдерін көтеруге барынша назар аударады. Жылына екі рет, Жаңа жыл және бабалар күні мерекесі кезінде мүгедектігі бар балаларға қымбат, бағалы сыйлықтар, тәттілер, азық-түлік табысталады. Өзі бес бала өсіріп отырған Гүлбану балалар жа-

нын жете түсінеді. Әрбір жанарға жас ұялап, қайғы-мұңға батпауын қалайды. Осы орайда оған педагогикалық мамандығының септігі көп тиеді екен.

Елімізде қазан айының соңғы жексенбісі «Әлеуметтік қызметкерлер күні» болып белгіленген. Бұл күні де балалар апайларынан сыйлық күтеді. «Жыл сайын біздің қаламызда осы мереке кең көлемде аталып өтіледі. Өйткені олар зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі балаларға, әлеуеті төмен, көпбалалы отбасы және мүгедек жандарға жанашырлық танытып, дер кезінде көмек беруге барынша күш жұмсап отыр», – деді сөз арасында ол. Бұл айтулы мереке – қарттар мен мүгедектерге, көпбалалы және күнкөрісі төмен отбасыларға аянбай қызмет етіп жүрген жандарға деген зор құрметтің белгісі. Олар кәсіби маман ғана емес, өзгенің мұң-мұқтажына бейжай қарамайтын мейібан жандар. Халықты әлеуметтік тұрғыда жан-жақты қорғау Президенттің жүргізіп отырған сындарлы саясатының басым бағыттарының бірі. Бүгінде еліміздің әлеуметтік қорғау жүйесі бойынша қоғамның барлық әлеуметтік топтарына лайықты қамқорлық көрсетілуде.

Мейібан да қамқоршы әлеуметтік қызметкерлерді осынау мерекемен құттықтап, маңызды міндеттерінде жетістік пен табысқа жете берулерін тілейміз біз де өз тарапымыздан!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.



## Жаңаша жас - тәлімгер

Уақыт өтіп, көш керуені алға жылжи береді. Сол көшпен қатар ілесіп алға жылжу, жаңа үдерістер мен тың идеяларға жол ашу мұғалімдердің негізгі міндеті. Соңғы жаңашылдықты біліммен ұштастыра отырып, қазақылыққа тән тәлім-тәрбие беру, жаңа технологияларды қатар игеру оңай шаруа емесі анық. Десе де, мұғалім аталып өткен әр істі қолдан келгенше орындап, ізденіп жұмыс атқарады. Осы тұрғыда мұғалімдерге артылар жүк ауыр.

Дәл осындай ауыр жолдың алғашқы баспалдағында жүрген жас маман, ол – тәлімгер. Жоғарғы оқу орнынан жаңа келіп, әлі тәжірибе жинап үлгермеген жас маманға мектеп қабырғасының тыныс-тіршілігі өзгеше ауыр көрінері анық. Алайда, өзінің жас, жаңаша көзқарасы ол ошақтың шырайын келтіруі де әбден мүмкін. Бұл тұрғыда жас маман бала тілін табуға тырысып, оларды елітіп әкетуге әрекет етуі, тың ақпараттармен бөлісіп, тәрбие мен өнерді үйретуші, үйлестіруші болуы шарт. Белгілі орыс педагогы К.Ушинский былай деген екен: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да оның орнын

баса алмайды». Демек, ең алдымен өз бойымыздағы тәрбие талшығын дұрыстап, бітім-болмысымызбен жұмыс жасауымыз қажет. Одан кейінгі басты қағида – ұдайы ізденісте болу. «Біз мектептерді қалай материалдық жағынан қамтамасыз етсек те, білім сапасын жақсы мұғалімдерсіз көтеру мүмкін емес» деген болатын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Сол себепті де, ұдайы ізденіп, соңғы жаңалықтардан хабардар болып, әрбір іске өзіндік үлесіңізді, ерекше идеяңызды қосып Президентіміз атап өткен жақсы мұғалімдер қатарында болуға тырысу қажет. Мектеп қабырғасында ертеректен қабылданған стереотиптерді өзгертіп, өзіндік қағидаларды ұсыныңыз, жаңару арқылы жылжу болатынын түсініңіз және түсіндіріңіз!

**Ардақ ЖАРМАХАНОВА**  
Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ, Тәлімгер.

## КЕЗЕКТІ ТЕКСЕРУ



Мүмкіндігі шектеулі адамдардың жағдайын жақсарту және олардың ғимараттарда жүріп-тұруына ыңғайлы мүмкіндік жасау мақсатында қаламыздағы нысандарда орнатылған пандустардың бүгінгі жағдайын тексеріп тұру жұмыстары жалғасуда.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің ұсынымы негізінде Приозерск қаласы әкімінің мүгедектер мәселелері және әлеуметтік мәселелер жөніндегі кеңесшісі Н. Қарабеков, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы К.Н.Каирғали және Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

директорының міндетін уақытша атқарушы Литош А.Ю, әкім аппаратының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің әдіскері Т.Т. Айдархан және әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант Ф.Джамбулбаева ағымдағы жылдың 26-қыркүйегінде №1 және №2 жалпы білім беретін мектептердің тұрғындарға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық бақылау жүргізілді. Рейдтік ісшара барысында аталған мекемелерде анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар берілді, кемшіліктердің уақытында орындау бақылауға алынды.


**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**





## Под эгидой ООН Казахстанские миротворцы сыграли важную роль в обеспечении международной безопасности

Фархат КИНЖИТАЕВ



Они охраняли общественный порядок, оказывали медицинскую помощь и защищали мирных граждан в Таджикистане, Ираке, Ливане. В число этих героев вошли и карагинцы. К примеру, в настоящее время в составе войсковой части 06708 регионального командования «Астана» проходит службу 24-летний отличник боевой подготовки рядовой Ерик Тургынбай, который в 2021 году вернулся с побережья Средиземного моря, куда ездил вовсе не на отдых. Вместе с коллегами он патрулировал улицы ливанских городов, охранял базу международных сил, стоял на блокпостах.

Солдат из Приозерского гарнизона признается, что военных до него в семье не было. Он родился в Мойынкумском районе Жамбылской области, здесь же закончил школу. Срочную службу проходил в Петропавловске, в составе подразделения Национальной гвардии РК. Затем изъявил желание продолжить службу по контракту, был направлен в войсковую часть 06708 на должность специалиста-аккумулятора. Когда пришло объявление, что идет набор для миротворческой командировки в Ливан, откликнулся сразу. Это было не просто желание посмотреть дальние страны, молодой военнослужащий рассказывает: «Я и по сей день уверен, что живу для того, чтобы приносить пользу людям. Мы, военные, охраняем покой мирных граждан в нашем общем доме — Казахстане. А если в чужом доме произошла беда и мы способны оказать помощь — то это наш долг как добрых соседей».

Сразу написал рапорт и занялся оформлением необходимых документов. Мне повезло, просьбу одобрили. Миротворцев должны были готовить четыре месяца, однако из-за пандемии этот процесс затянулся почти на восемь. К учебе относились очень серьезно, это и языковые курсы английского, и физическая подготовка, и психологические тесты. Также изучали нормы международного права — в какой ситуации правомерно применение оружия, а в какой нет — и еще многое другое. Санитарно-эпидемиологические нормы соблюдались жестко, несколько месяцев находились на казарменном положении, на занятия допускались только отдельными группами, которые жили вместе. С другими группами даже не пересекались. Два месяца жил на карантине, по сути не выходил из комнаты. Когда пришла команда об отправке, даже

вздыхнул с облегчением, — говорит Ерик.

В августе 2020 года миротворческую роту перебросили к месту несения службы. Это уже четвертый состав подразделения, вот уже на протяжении нескольких лет несущего службу на разграничительной границе (так называемой «голубой линии») между Южным Ливаном и Израилем. Казахстанцев разместили на одной из баз индийского миротворческого батальона.

Необходимо сделать пояснение. UNIFIL — именно так называется миротворческая миссия ООН в Ливане. Она была создана в 1978 году с целью наблюдения за процессом вывода израильских войск из южной части страны (израильские войска заняли южный Ливан в 1978 году после операции «Литани») и были выведены лишь в мае 2000 года). Также на плечи UNIFIL легла работа по восстановлению международного мира и безопасности на границе. Казахстан примкнул и отправил первый военный контингент в Ливан с миротворческими целями в 2018 году.

«Голубая линия» проходит на границе Ливана и Израиля. Мы осуществляли ее патрулирование: мобильный патруль, пеший патруль, а также проверяли местность, куда входили населенные пункты, базары. Мы заезжали в эти места вместе с ливанской армией и войсками ООН. Производили осмотр на предмет нарушения перемирия и законов. За время нашего пребывания не было инцидентов. В случае обнаружения нарушений мы должны доложить вышестоящему командованию, затем этот доклад уходит в штаб-квартиру ООН. Помимо наблюдения в наши задачи входила охрана базы, — поясняет Тургынбай.

До Средиземного моря было рукой подать — около часа езды на автомобиле. Но искупаться и отдохнуть не получалось из-за обилия служебных обязанностей. Дружеские отношения сложились с индийскими сослуживцами. Все общение с ними велось на английском языке. По словам карагинца, индийские офицеры и солдаты — вежливые и дисциплинированные. В свою очередь, коллеги неоднократно отмечали хорошую физическую подготовку военнослужащих Казахстана, а во время прощального построения, когда наши соотечественники готовились улететь на Родину, командир индийского батальона поставил их в пример своим подчиненным.

В декабре, когда отмечали День Независимости, угощали наших зарубежных друзей куырдаком и баурсаками. Кумыса, к сожалению, не смогли достать, — смеется Ерик. Местное население к нам тоже относилось хорошо, все понимали, что мы стоим здесь, чтобы соблюдались мирные соглашения. Арабы, друзья, курды приветствовали нас, когда выезжали на патрулирование. Заходишь, к примеру, в небольшой магазинчик и когда хозяин узнает, что мы из Казахстана, сразу подходит здороваться, пытается разговаривать с нами, угощать. Мы же вели себя строго в рамках международного права, никаких вольностей не допускали. В целом хочу отметить, что ребята в роте подобрались очень хорошие, ответственные, все выполняли поставленные задачи достойно. В этом — огромная заслуга наших командиров.

В настоящее время Ерик Тургынбай снова изъявил желание служить в миротворческой роте Казахстана, ожидает очередной командировки в Ливан. Пожелаем ему удачи.

Фото:

Думана КУРМАНГАЛИЕВА

## Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шаралары

Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-мәдени, құқықтық және салық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі — сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмыстарын жүйелі жүргізуге серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Жекелеп алғанда Қазақстанның қаржы саласы бойынша Мемлекеттік кірістер комитеті мен барлық бизнес өкілдерінің «Салықтөлеуші кабинеті» интегралды ақпараттық жүйесіне өтуі бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі уақытта «Салықтөлеуші кабинеті» жаңа ақпараттық жүйесіне жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар толықтай көшіп жұмыс атқарып отыр. Соның арқасында бизнес өкілдерімен Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының мамандары арасында қарым-қатынастар азайып отыр, бұл да жемқорлық фактілерінің болдырмау мақсаттарының бірі деп айта кетуге болады.

Және де ара қашықтықта қызмет көрсету арқасында салық орғанда-

рының жұмыс сапасы жоғарылап, кәсіпкерлердің қағаз, уақыт және көліктік шығындары қысқарды.

«Салықтөлеуші кабинеті» жүйесін енгізу салықтық есептілікті енгізу, өңдеу, орындау рәсімдерінің айқындығын жоғарылатады.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуда, басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқытулар тұрақты түрде өткізіліп отырады.

Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналыстырып, сенім телефоны (телефон нөмірі 8(71039)7-01-01) қызмет жасауда.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті, кәсіби даярлықты және білім деңгейін үнемі көтермелеуді талап етеді.

Барлық мемлекеттік қызметшілер жыл сайын жеке табысы мен мүлкі туралы декларацияларын белгіленген уақытта тапсырып отырады.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында мамандардың кәсіби деңгейлерін арттыру мақсатында тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оларға келген өзгерістер мен қосымшаларды оқу жұмыстары ала қойылған.

Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің гүлдену жолында өзіне жүктелген барлық міндеттердің абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

*Б. Нұрмаганбетова  
Приозерск қаласы бойынша  
МКБ-ның салық төлеушілермен  
жұмыс бөлімінің бас маманы*

## «Айыппұлсыз жыл» акциясы аясында, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Приозерск гарнизонында профилактикалық іс-шаралар өткізді.

Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасының Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің әкімшілік тәжірибе офицері әділет капитаны Ж.С. Бекіш 2022 жылдың қазан айында Приозерск гарнизонының әскери бөлімдері мен мекемелерінің «Барлық санаттағы әскери қызметшілердің арасында әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында» профилактикалық рейдтік іс-шара жүргізілді, рейдтік іс-шара барысында әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты «ЕСКЕРТПЕ ПАРАҚТАРЫ» таратылып, әрбір әскери қызметшімен жеке сұхбат өткізді.

Іс-шара барысында әскери қызмет-

шілерге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптарын және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершіліктің түрлерін айтып жеткізді. Сонымен қатар, барлық санаттағы әскери қызметшілерді тәртіпке және құқық бұзушылықпен бірге күресуге шақырды.

*Қарағанды өңірлік гарнизоны  
Әскери полиция басқармасының  
Приозерск гарнизонына қызмет  
көрсету жөніндегі әскери  
полиция бөлімшесінің  
әкімшілік тәжірибе офицері  
әділет капитаны Ж.С. Бекіш*



## 2-2022 Жас буын сарбаздарға әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің әкімшілік тәжірибе офицері әділет капитаны Ж.С. Бекіш 2022 жылдың қазан айында Приозерск гарнизоны әскери бөлімдерінің мерзімді әскери қызметшілерінің арасында әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Тәртіпке бас иген – құл болмайды» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын өткізді.

Іс-шара барысында мерзімді әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 652 бабы «Қазақстан Республикасының әскери қызмет саласындағы заңнамасын бұзу» талаптары,

әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершіліктің түрлері және әкімшілік құқықбұзушылық жасаған Приозерск гарнизонының әскери қызметшілеріне қатысты шығырылған сот шешімдері жеткізілді. Сонымен қатар, әскери қызметшілерді тәртіпке және құқық бұзушылықпен бірге күресуге шақырды.

**Қарағанды өңірлік гарнизоны  
Әскери полиция басқармасы  
Приозерск гарнизонына  
қызмет көрсету жөніндегі  
әскери полиция бөлімшесінің  
әкімшілік тәжірибе офицері  
әділет капитаны Ж.С. Бекіш**

### ҚҰЛАҚАҒЫС

## ИНВАТАКСИ ҚЫЗМЕТІ КІМДЕР ҮШІН?



Биылғы жылғы маусым айының 6-жұлдызынан бастап қалада мүгедек адамдарға арналған инва такси қызметі басталғанынан қала тұрғындарының біразы хабардар деп ойлаймыз. Бұл шара мүмкіндігі шектеулі адамдарға көрсетілетін қызметтің бір парасы. Жүріп-тұруы қиын I топтағы мүгедектігі бар адамдарға инва такси қызметін алу үшін, атап айтқанда: жеке көмекшінің, ымдау тілі маманының немесе арнайы жүріп-тұру құралының (орындық-арба) қызметіне жеке оңалту бағдарламасы (ОЖБ) бар адамдар Балқаш көшесі, 5-үй мекенжайы бойынша «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 101 кабинет (тел. 5-26-94)

келесі құжаттарды ұсынулары тиіс:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 035-1/у нысаны бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;
- 4) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі.

Инва такси қызметтерін көрсетуге арналған объектілердің тізбесі:

- 1) мүгедектігі бар адамның жұмыс орны;
- 2) мүгедектігі бар адамның оқу орындары;
- 3) жергілікті өкілді және атқарушы органдар;
- 4) сот, прокуратура;
- 5) әлеуметтік сала объектілері;
- 6) заң кеңестері;
- 7) нотариус;
- 8) медициналық мекемелер (жедел (шұғыл) медициналық көмек көрсету жағдайларын қоспағанда);
- 9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
қала әкімінің мүгедектер  
мәселесі бойынша кеңесшісі.**

## САЙЛАУ ТУРАЛЫ БІЛЕ ЖҮРЕЛІК!

Сайлау алдындағы үгіт Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау күнінің алдындағы күннің жергілікті уақыты бойынша нөл сағатта аяқталады, осылайша, үгіт материалдарын сайтқа орналастыру 2022 жылғы 21 қазан сағат 18.00-ден 2022 жылғы 19 қараша сағат 0.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Сайт Интернет-алаңды жазбаша өтініш пен Сайт иесі мен кандидат арасында не кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалатын шарт негізінде ұсынады. Үгіт материалдарының саны мен орналастыру кезеңі кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Өтініш кезектілік тәртібімен кандидаттардың өтініштерін тіркеу

журналында әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

- 1) Кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) шарт жасасу үшін адамның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Сайлаудың қызу науқаны енді басталады. Сондықтан Приозерск қаласының тұрғындарын, сайлаушылардан пікір білдіріп тұруын «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің ұжымы атынан өтініп сұраймыз! Маңызды сайлауға жаппай және ұйымшылдықпен қатысайық!

«Қоржынтүбек жаршысы» газеті.

## ОБСЕ направит наблюдателей на выборы президента в Казахстан

От миссии ОБСЕ в Казахстан придут 30 долгосрочных наблюдателя за выборами президента. Об этом сообщил председатель центральной избирательной комиссии Казахстана Нурлан Абдиров.

По его словам, возобновил свою работу экспертный совет при ЦИК.

Первое заседание состоится 10 ноября. На нем обсудят отчет ОБСЕ по итогам проведения референдума в Казахстане.

«Миссия ОБСЕ направит 30 своих долгосрочных наблюдателей для наблюдения за ходом президентских выборов. После выборов они задержатся в стране на некоторое время», — сообщил он.

В Казахстан, по данным главы Центризбиркома, за несколько дней до выборов придут 300 наблюдателей, которые будут следить за ходом выборов во всех регионах страны.

Более 300 представителей БДИПЧ/ОБСЕ будут наблюдать за выборами в Казахстане.

Абдиров также проинформировал, что с 28 октября до 13 ноября члены ЦИК объезжают все 20 регионов республики.

«Наша цель — увидеть то, какая работа проводится в городах, исправить все недочеты, восполнить пробелы. Если не ошибаюсь, по стране действует 10 102 избира-

тельных участка. Некоторые участки открываются, потом прекращают работу. Если в каком-то населенном пункте мало избирателей, закрываем участок, если избирателей много, открываем», — добавил он.

В соответствии с законом один участок предназначен для голосования трех тысяч избирателей. 99% из всех членов участковых избирательных комиссий, или свыше 10 тысяч человек работают в других сферах. Они привлекаются к работе только при проведении выборов. На период работы на выборах им сохраняют заработную плату на основной работе.

Напомним, что в целом на проведение внеочередных выборов президента выделено 20,5 миллиарда тенге. 80% этой суммы расходуется на заработные платы членов участковых избирательных комиссий.

Ранее сообщалось, что от миссии СНГ в Казахстан для наблюдения за выборами президента придут 100 человек. 10 из них — долгосрочные наблюдатели, которые уже приступили к работе.

Внеочередные президентские выборы в Казахстане пройдут 20 ноября. Кандидатами выступили шесть человек, включая действующего главу республики Касым-Жомарта Токаева.

Sputnik

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru | Таралымы: 500 дана | Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 | QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №17/17, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі: 66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.